



Бекітемін _____
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
Бакшасының меңгерушісі:
К.К. Сейдалиева

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

«Дені саудың-жаны сау»



«Шағала» ересек тобы

03.02.2023ж

Нұсқаушы: Н.С.Шойдынбаев

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті

Нұсқаушы: Н.С.Шойдынбаев

Тобы: «Шағала» ересек тобы

Білім аумағы: «Денсаулық»

Білім бөлімі: Дене шынықтыру

Өтілетін күні: 03.02.2023

Тақырыбы: «Дені саудың -жаны сау»

Мақсаты: балалардың денелерін шынықтыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру; балалардың қимыл – қозғалысын жетілдіру; балалардың дене белсенділігін дамыту, денелерінің түзу әрі сымбатты болып қалыптасуына жағдай жасау;

Міндеті: ептілікке, төзімділікке, достыққа, ұйымшылдыққа, шапшандыққа машықтандыру; салауатты өмір салтына баулу;

Көрнекіліктер: қолдан жасалған қар кесектері футбол алаңшасы шарлар стакандар

Алдын-ала жұмыстар: дамыту жаттығуларын жасау;

Билингвалдық компонент: тақтайша – доска; доп – мяч;

Инклюзивті әлеумет: баяу белсенді балаларды қажет жерде жетелеу;

Қызмет кезендері	Мұғалім қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы – қозғаушы қызмет түрі	Балалар музыка әуенімен залға құрсаулардан секіріп кіреді. Қатар бойымен сап түзеп, қол желкеде, аяқ ұшымен, қол белде, өкшемен, қол жанда, аяқ жанымен жүру, жүгіру. Аттар жүрісі, «үйрек» жүрісі, тыныс алу жаттығуы; Екі сапқа бөліну;	Балалар нұсқаушымен бірге сергіту жаттығуларын орындайды.
Ұйымдастыру – ізденушілік	Жалқаулықты тастаймыз, Шынығамыз жастай біз! Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. Қар кесегімен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары: «Қар кесегін ауыстырып сал» Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төмен.Қолды алға созып, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу.4-5 рет. 2. «Қар кесегін көтер» Б.қ. Қолды жанына қойып тіреле, аяқты алшақ қойып, еденге отыру.Отырып екі аяқпен қар кесегін қысып алып,жоғары көтеру, «қар кесегі міне» деу. Б.қ. оралу. 5-6 рет қайталау 3. «Әрі бер» Б.қ. қолды жоғары көтеріп ,қар кесегімен оңға солға керілу.3-4 рет 4. «Қар кесегі менікі -сенікі» Б.қ.аяқ сәл алшақ, қар кесегін алып оңға	Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.

	,алдына,солға алдына ұстап жасау .4-5 р Ғажайып сәт: Чемпионның келуімен Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: Эстафеталық қимылды ойын: 1 ойын: «Тепе-теңдікті сақта» Шарты: Балалар екіге бөлінеді. . Әр бала екі тарелканы біріктірген таяқшаны ұстап оған салынған дөңгелектерді жерге түсіріп алмай мәреге апару керек .Қай топ шапшаң жинайды сол жеңіске жетеді. 2ойын: «Футбол» ойыны Шарты: Балалар шеңбер құрып тұрады, ортада футбол алаңы бейнелеген мата болады. Әр топтың ойыншылары өздерінің қақпаларына допты түсірмеудің амалын жасау керек. 3ойын: «Деммен стаканды құлату» Шарты: стол үстінде төңкеріліп тұрған стакандарды шарды үрлеп алып желін шығарып құлату керек. Тыныс алу жаттығуы: (мәтінге сәйкес) Қолды жоғары көтергенде терең дем аламыз түсіргенде шығарамыз. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуы	Қимылдық ойынды қызыға ойнайды. Тыныс алу жаттығуын жасайды Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын орындауға көшеді.
Жетекші – жөндеуші	Волейбол ойыны; Шарты: Балалар өз тобымен екі жаққа тұрады Ортада волейбол матасы құрылады Әр команда өз жағындағы шарларды қарсы команда жаққа лақтыру керек. ҰОҚ – н қорытындылау; Балалар сап түзеген бойы залдан шығып кетеді.	Қимылдық ойынды қызыға ойнайды. Нұсқаушы ҰОҚ-н қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже

Қалыптасқан түсініктер: спортқа деген қызығушылығы, зейіні арта түседі.

Орындаушылық қабілеті: шапшаңдығы, ұйымшылдығы, төзімділігі шыңдала түседі.

